

Электронды үкімет

Орындаған: Көшерова А.



Тест

Дәріс

Бейнеролик

Практикалық
тапсырма

Электрондық үкімет (е-үкімет) – халықтың ел үкіметімен тікелей байланысын қамтамасыз ететін жүйе. Бұл – қызмет көрсету, азаматтардың саясатқа араласуы және басқару үрдістерін ішкі және сыртқы қарым-қатынастарды техникалық құралдардың, Internet-тің, қазіргі заманғы БАҚ көмегімен өзгерту арқылы үздіксіз оңтайландыру. ҚР Электрондық үкіметі веб-порталы – www.e.gov.kz. мемлекеттік қызметтерді «бір терезе» принципімен ұсыну тұжырымдамасын жүзеге асырудың тәжірибелік механизмі болып табылады. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 10 қарашадағы №1471 Жарлығымен бекітілген 2005-2007 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында Электронды үкіметті қалыптастырудың Мемлекеттік бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Қазақстанда Электрондық үкіметті енгізу жұмыстары халықтың мемлекеттік органдарға жүгінуін оңайлату, мемлекеттік органдардың азаматтар мен ұйымдарға көрсететін қызметтері сапасын жақсарту және мерзімін қысқарту, мемлекеттік органдар қызметі бойынша дерек қорларына қатынасуды қамтамасыз ету және келешекте әкімшілік жүйе жетістіктерін есепке ала отырып, құрамы жағынан оңтайлы да тиімді мемлекеттік аппарат жасауға бағытталған.



Электрондық үкімет азаматтарға мемлекетпен қарым-қатынас жасауды және мемлекеттік қызметтерге қатынауды орналасқан орны мен жыл мезгіліне тәуелсіз, тәулігіне 24 сағат, аптасына жеті күн бойы қамтамасыз етіп отыруы тиіс. Мемлекеттік мекемелер көрсететін барлық қызметтердің тізімі мен сипаттамасы, нормативтік-құқықтық ақпарат, азаматтардың билікпен, түрлі әлеуметтік қызметтермен, комитеттермен және ведомстволармен ашық та тура сұхбаты кез келген уақытта бәріне де, әркімге де ашық болуы тиіс. www.e.gov.kz. Веб-порталының пайдаланушылары екі категорияға бөлінеді: пайдаланушылар және тіркелген пайдаланушылар. Пайдаланушылар веб-порталдың барлық беттерін қарап шыға алады, бірақ жеке беттерге қатынаса алмайды. Жеке беттерге қатынау мүмкіндігіне ие болу үшін веб-порталда тіркелу қажет. Жеке бет азаматтарға электрондық пошта, күнтізбелік жоспарлау, жөнелтімдер, қатынас құралдарын пайдалануға мүмкіндік береді.



«Электонды үкімет» порталына тіркелу






«Электронды үкімет» порталына тіркелу үшін ең алдымен www.egov.kz сайтына кіруіміз қажет

«Электронды үкімет» порталының мүмкіндіктері


- * түрлі анықтамаларды: мекенжай анықтамасын, жылжымайтын мүлік, зейнетақы аударымдары туралы анықтаманы ала аласыз;
- * некені, баланың тууын тіркеуге өтініш бере аласыз;
- * коммуналдық қызметтерді, айыппұлдарды, салықтарды төлей аласыз;
- * мемлекеттік органға электрондық өтініш жазып, заңдарды талқылауға қатыса аласыз.



Тіркелу үшін ең алдымен терезенің басты беттің жоғарғы жағында тіркелу сөзін басамыз.

Тіркелу батырмасын басқаннан кейін «Электронды үкімет» веб-порталын пайдалану құқығы туралы келісім терезесі ашылады.

Барлығын оқып шыққаннан кейін таныстым батырмасын басып, қызмет субъектісін жеке немесе заңды тұлғаны таңдаймыз. Егер сіздің ЭЦҚ-ңыз болса ЭЦҚ арқылы тіркелу батырмасын, болмаса уақытша тіркелу батырмасын басамыз.



Уақытша тіркелу кезінде берілген бос орындарды толтыру керек.

Уақытша тіркелу

ЖСН

Құжаттың нөмірі


Туған күні

Құпия сөзді құру

Құпия сөзді растау

Электронды пошта

Барлық аяқтар толтырылу үшін міндетті




Содан соң сіздің электронды поштаңызға сілтеме келеді. Сілтемені бассаңыз тіз порталға тіркелесіз. Тіркелу сәтті аяқталды.

ҚР азаматын тіркеу

Электрондық пошта

Входящие 1 | Отправленные | Черновики | Корзина

Сәлеметсізбе!
Сіз Қазақстан Республикасының «электрондық үкімет» веб-порталында тіркелуге өтініш бердіңіз.
Сіздің ЖСН 123456789012.
Есеп жазбасын қосу және электрондық мекенжайды растау үшін [сілтеме](#) бойынша өтініз.
Назар аударыңыз! Сілтеме 72 сағат ішінде қолжетімді болады.



Қазақстан республикасы Үкіметімен «электрондық үкіметті» қалыптастырудың 2005-2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қашан қабылданды?

2003
ЖЫЛ

2004
ЖЫЛ

2005
ЖЫЛ

2006
ЖЫЛ

2007
ЖЫЛ



Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолданумен мемлекеттік органдар, халық және бизнестің өзара іс-қимыл жүйесі қалай аталады?

Электрондық
үкімет

Электронды
машина

Электронды
пошта

Электронды
кесте

Электронды
лампа



**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҮКІМЕТТІҢ ВЕБ-
ПОРТАЛЫНЫҢ ЭЛЕКТРОНДЫ АДРЕСІ:**

[www. e.gou.kz](http://www.e.gou.kz)

www.e.gov.kz

www.e.gav.kz

www.e.uk.kz



Электронды үкімет бағдарламасы қай жылы іске қосылды?

2003 жыл

2008 жыл

2007 жыл

2005 жыл



5 таңдалған қызметке «Электрондық әкімдік»
жүйесінің түп тұлғасын әзірлеп, алдымен қай
облыстың әкімдігіне тәжірибелі пайдалануға
ендіру жүргізілді?

Қарағанды

Қызылорда

Ақтау

Жамбыл

Павлодар



«Электрондық үкімет» веб-порталы қандай қағида бойынша мемлекеттік қызмет көрсету тұжырымдамасын іске асыру механизмі болып табылады?

Бір терезе

Бір сайт

Бір жоба

Бір тақта

